

Беларусь Республикасының Президенті Александр Григорьевич Лукашенконың Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 11 желтоқсандағы N 361-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2004 жылғы 11-19 желтоқсанда Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларында Беларусь Республикасының Президенті Александр Григорьевич Лукашенконың Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларында Беларусь Республикасының Президенті Александр Григорьевич Лукашенконың Қазақстан Республикасына сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Беларусь Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөнінде қажетті ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

2004 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Беларусь Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Беларусь Республикасының Президенті Александр Григорьевич Лукашенконың арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларының әуежайларына қонуын және олардан ұшып шығуын;

Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларының әуежайларында арнайы

ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласының әкімі Беларусь Республикасының Президенті Александр Григорьевич Лукашенконың құрметіне Алматы қаласында қабылдау ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

7. Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларының әкімдері Беларусь Республикасының делегациясын қарсы алу және шығарып салу, Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларының әуежайларында Беларусь Республикасының Президенті Александр Григорьевич Лукашенконы қарсы алу мен шығарып салу рәсіміне қатыссын, Қазақстан Республикасы Президентінің атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2004 жылғы 11 желтоқсандағы

№ 361 - ө ө к і м і н е

қосымша

**Беларусь Республикасы ресми делегациясының
мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі
ұйымдастыру шаралары**

1. Беларусь Республикасы ресми делегациясының мүшелерін (1+10) және бірге жүретін адамдарды Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларында қонақ үйлеріне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларының қонақ үйлеріне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейджер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Беларусь Республикасы делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Беларусь Республикасының делегациясын Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларының әуежайларында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай

ұйымдастыру.

ресми қабылдау ұйымдастыру.

7. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ